

Кәсіподақтың 2025 жылғы құқықтық қорғауды және әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру жұмыстарының қорытындылары туралы АҚПАРАТ

2025 жылы Кәсіподақтың барлық құрылымдарының қызметі 2024-2029 жылдарға арналған Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы қызметінің бағдарламасында қойылған қызметкерлерді құқықтық қорғауды күшейту жөніндегі міндеттерді іске асыруға бағытталды.

Салалық кәсіподақтың құқықтық қызметінің 2025 жылғы жұмыс нәтижелері мүшелік ұйымдар бойынша 2024 жылмен салыстырғанда кестеде келтірілген.

2024-2025 жылдар талдау кезеңіне құқықтық қызмет жұмысының нәтижелері туралы

№	Көрсеткіштер	2024 ж.	2025 ж.	абс өзг. +/-	%
1.	Құқықтық еңбек инспекторлар (заңгерлер) саны	46	46	0	100,0%
2.	Қаралған өтініштер саны, барлығы, оның ішінде электрондық пошта арқылы түскендер, келесі сұрақтар бойынша:	34 201	36 633	2 432	107,1%
2.1	еңбекке ақы төлеу	13 382	13 591	209	101,6%
2.2	еңбек шартын бұзу	1 698	1 632	-66	96,1%
2.3	еңбек/ұжымдық шарттар талаптарының орындалмауы	2 753	3 335	582	121,1%
2.4	кәсіподақ органдарының жұмысы	1 166	1 386	220	118,9%
2.5	қауіпсіздік және еңбекті қорғау	909	1 025	116	112,8%
2.6	басқа да мәселелер	14 293	15 664	1 371	109,6%
	оның ішінде жұмыс берушілер орындауға міндетті нұсқамалар, қорытындылар берген, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар мен қаулылар жасаған, әкімшілік жазалар қолданған мемлекеттік еңбек инспекторларына жіберілгені	44	85	41	193,2%
3	Келісу комиссияларының саны	8 931	8 572	-359	96,0%
4.	Құқықтық көмек көрсетілді:	29 692	38 282	8 590	128,9%
4.1	келісу комиссиясында	717	534	-183	74,5%
4.1.1.	оның ішінде қаралған өтініштер толық немесе ішінара қанағаттандырылды	429	421		98,1%

4.1.2.	соның ішінде жұмысқа қайта алынған	18	34	16	188,9%
4.2	сотта	52	89	37	171,2%
4.2.1	оның ішінде талап-арыздар толық немесе ішінара қанағаттандырылды	27	68	41	251,9%
4.2.2	соның ішінде жұмысқа қайта алынған	6	7	1	116,7%
	жұмысқа қалпына келтірілгендердің барлығы	24	41	17	170,8%
4.3	жеке қабылдауда	10 747	13 540	2 793	126,0%
4.4	БАҚ арқылы	114	110	-4	96,5%
4.5	ғаламдық компьютерлік желіде	17 956	23 794	5 838	132,5%
4.6	келіссөздер арқылы жұмысшыларды заңсыз жұмыстан шығарудың алдын алды	106	215	109	202,8%
5	Еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау жүзеге асырылған ұйымдардың саны (барлығы)	2 653	4 030	1 377	151,9%
6.	Еңбек заңнамасын бұзушылықтар анықталды (барлығы), оның ішінде:	4 828	6 631	1 803	137,3%
6.1	еңбекке ақы төлеу бөлігінде	1 355	1 466	111	108,2%
6.2	жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимі бойынша	464	947	483	204,1%
6.3	еңбек қатынастарын рәсімдеу бойынша	1 419	2 160	741	152,2%
6.4	өзге де бұзушылықтар	1 590	2 058	468	129,4%
7.	Бұзушылықтарды жою бойынша жұмыс берушілерге жіберілген ұсыныстар	1 343	2 014	671	150,0%
7.1	бұзушылықтарды жою туралы жауаптар алынды	1 131	1 852	721	163,7%
8.	Кәсіподақ мүшелеріне кәсіподақ органдарының талаптары бойынша заңсыз ұсталған немесе төленбеген қаражат қайтарылды (теңгемен)	759 740 904	1 595 673 057	835 932 153	210,0%
9.	Кәсіподақ комитеттеріне құқықтық сұрақтар бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді	62	88	26	141,9%
10.	Құқықтық қызметтің экономикалық тиімділігі (теңгемен)	2 355 423 388	4 548 862 488	2 193 439 100	193,1%

11.	Кәсіподақ өкілдерінің қатысуымен қаралған еңбек даулары:	460	1131	671	245,9%
11.1	жеке	460	1131	671	245,9%
11.2	ұжымдық	0	0	0	
12.	Өткізілген оқытулар, семинарлар саны		588		

2026 жылғы 1 қаңтарға штаттағы кәсіподақ заңгерлер саны – **46** құрады.

Қызметкерлерді қорғау тәсілдерінің бірі түскен өтініштермен және консультациялық қызмет көрсету жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Есепті жылы барлығы кәсіподақ мүшелерінің **36 633** өтініші қаралды (2024 жылы - 34 201), бұл өткен жылмен салыстырғанда 7,1% -ға артты. Өтініштердің басым бөлігі еңбекке ақы төлеумен - **13 591** (13 382), еңбек және ұжымдық шарттар талаптарын орындамаумен - **3 335** (2 753) байланысты.

2024-2025 жылдарға қаралған өтініштер бойынша мәліметтер

	Мүшелік ұйымдар (облыс/өңір)	Көрсеткіштер		+/-
		2024 ж.	2025ж.	
1.	Абай облысының кәсіподақ ұйымы	1 001	1 015	+14
2.	Ақмола облыстық кәсіподақ ұйымы	674	844	+170
3.	Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымы	3 418	5 915	+2 497
4.	Ұстаз» Алматы қалалық жергілікті кәсіподағы	1 321	2 450	+ 1 129
5.	Алматы қалалық кәсіподақ ұйымы	142	144	+2
6.	Астана қаласының білім қызметкерлерінің кәсіподағы	116	110	-6
7.	Атырау облыстық кәсіподақ ұйымы	801	1 374	+573
8.	Шығыс Қазақстан облысының жергілікті кәсіподағы	426	496	+70
9.	Жамбыл облысының жергілікті кәсіподақ ұйымы	9 884	11 186	+1 302
10.	Жетісу облысының кәсіподақ ұйымы	70	426	+346
11.	Батыс Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы	1 130	1 096	-34
12.	Қарағанды облыстық кәсіподақ ұйымы	1 470	1 537	+67
13.	«Қамқор» Алматы облысының жергілікті кәсіподағы	155	495	+340
14.	Қостанай облыстық «Қорғау» ұйымы	114	140	+26
15.	Қызылорда облыстық кәсіподақ ұйымы	1 695	1 664	-31
16.	Маңғыстау облыстық кәсіподақ ұйымы	1 824	2 222	+396
17.	Павлодар облыстық кәсіподақ ұйымы	578	925	+347
18.	Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы	1 371	1 745	+374
19.	Түркістан облыстық кәсіподақ ұйымы	755	850	+95
20.	Шымкент қалалық кәсіподақ ұйымы	18	31	+13
21.	Ұлытау кәсіподақ ұйымы	147	125	-22

	Барлығы	27 121	36 633	+9 512
--	----------------	---------------	---------------	---------------

Есепті жылы өткен жылмен салыстырғанда барлық түскен өтініштер саны **9512**-ге артты. Барлық түскен сұрақтар кәсіподақ органдармен уақытылы қаралды.

Кәсіподақ заңгерлері қызметкерлерге жеке еңбек дауларын келісу комиссияларында қарауда **534** (717) жағдайда, соттарда **89** (52) жағдайда құқықтық көмек көрсетті.

Құқықтық қызметтің араласуымен есепті жылы **41** заңсыз жұмыстан босатылған кәсіподақ мүшесі жұмысқа қайта орналастырылды, оның ішінде: Ақмола - **14** (13-келісу комиссия арқылы, 1-сот арқылы), Ақтөбе - **6** (5- келісу комиссия арқылы, 1-сот арқылы), Алматы қаласының «Ұстаз» - **3** (3- келісу комиссия арқылы), «Қамқор» - **3** (3-келісу комиссия арқылы), Абай **1**- (1- келісу комиссия арқылы), Атырау - **2** (1-келісу комиссиясы арқылы, сот арқылы -1), Жамбыл - **6** (4- келісу комиссиясы арқылы, 2-сот арқылы), Маңғыстау - **2** (2-келісу комиссиясы арқылы), СҚО - **1** (1- келісу комиссиясы арқылы), Түркістан - **2** (2-сот арқылы), ЖОО - **1**.

Сонымен қатар, келіссөздер арқылы **215** қызметкердің заңсыз жұмыстан босатудың алды алынды: Астана қ. – **2**, Ақмола - **130**, Қызылорда - **25**, Ақтөбе-**17**, Жетісу - **2**, Түркістан - **7**, Шығыс Қазақстан - **6**, Маңғыстау - **5**, Павлодар - **5**, Батыс Қазақстан облыстары - **1**, сондай-ақ Абай облысы - **11**, «Қамқор» Алматы облыстық ұйымы – **4**.

Қоғамдық бақылау құқықтық қорғаудың неғұрлым тиімді және маңызды нысаны болып қала береді. 2025 жылы еңбек заңнамасының орындалуын қоғамдық бақылау шеңберінде **4030** тексеру жүргізілді. Бақылау жүргізу барысында **6 631** еңбек заңнамасын бұзу анықталды. Оның ішінде **1 466** (22,1%) еңбекақы төлеу бөлігінде, **947** (14,2%) жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінде, **2 160** (32,5%) еңбек қатынастарын рәсімдеу бойынша, **2 058** (31%) өзге де бұзушылықтар.

Қоғамдық бақылау жүргізуді қамту үлесі бойынша салыстырмалы кестесі

	Мүшелік ұйымдар (облыс/өңір)	Көрсеткіштер	
		<i>2024 ж.</i>	<i>2025 ж.</i>
1.	Абай облысының кәсіподақ ұйымы	8,2 % (34/414)	6,4 % (27/419)
2.	Ақмола облыстық кәсіподақ ұйымы	39,7 % (302/757)	50,2% (377/750)
3.	Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымы	44,1 % (271/615)	71,9 % (442/614)
4.	«Ұстаз» Алматы қалалық жергілікті кәсіподағы	0,2 % (1/460)	32,3% (154/476)
5.	Алматы қалалық кәсіподақ ұйымы	66,7% (10/15)	66,7% (10/15)

6.	Астана қаласының білім қызметкерлерінің кәсіподағы	17,4 % (42/242)	80,4% (210/261)
7.	Атырау облыстық кәсіподақ ұйымы	35,6 % (15/427)	45,9% (194/422)
8.	Шығыс Қазақстан облысының жергілікті кәсіподағы	13,9 % (76/545)	8,7% (48/551)
9.	Жамбыл облысының жергілікті кәсіподақ ұйымы	64,2% (526/819)	68,4% (563/822)
10.	Жетісу облысының кәсіподақ ұйымы	1,8% (8/448)	1,5% (7/443)
11.	Батыс Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы	21,5% (119/554)	46,9% (260/554)
12.	Қарағанды облыстық кәсіподақ ұйымы	34,3 % (165/481)	34,6% (170/491)
13.	«Қамқор» Алматы облысының жергілікті кәсіподағы	23,9 % (22/92)	25% (23/92)
14.	Қостанай облыстық «Қорғау» ұйымы	0,5 % (1/195)	0% (0/194)
15.	Қызылорда облыстық кәсіподақ ұйымы	67,1 % (386/575)	67,7% (391/577)
16.	Маңғыстау облыстық кәсіподақ ұйымы	0,3 % (1/346)	9,5% (34/361)
17.	Павлодар облыстық кәсіподақ ұйымы	60,9 % (360/591)	52,6% (313/594)
18.	Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы	23,0 % (126/549)	129,8% (714/550)
19.	Түркістан облыстық кәсіподақ ұйымы	0 % (0/199)	2,1% (5/235)
20.	Шымкент қалалық кәсіподақ ұйымы	8,4 % (8/95)	37,7% (40/106)
21.	Ұлытау кәсіподақ ұйымы	-	19,8% (34/171)
	Орталық комитет	12,5% (2/16)	87,5% (14/16)
	Барлығы	30,7 % (2653/8647)	46,1% (4030/8738)

Келтірілген деректер, мүшелік ұйымдар қызметкерлердің еңбек құқықтарын бұзудың алдын алу және болдырмау үшін еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға өз құқығын толық көлемде пайдаланбайтынын куәландырады.

Есептердің деректері бойынша Қостанай (0%), Абай (6,4%), Жетісу (1,5%), Түркістан (2,1%), ШҚО (8,7%) облыстары ұйымдарында қоғамдық бақылауды қамту төмен екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, ең жоғары қамту үлесі 129%(714/550) - СҚО тиесілі, қоғамдық бақылау үлесі 50 пайыздан жоғары қамтылған облыстар қатарында Астана - 80,4% (210/261), Ақтөбе - 71,9% (442/614), Жамбыл – 68,4% (563/822), Қызылорда - 67,7% (391/577), Павлодар - 52,6% (313/594).

Құқықтық қызмет жұмысының тиімділігін сипаттайтын негізгі сапалық көрсеткіштердің бірі - *кәсіподақ мүшелеріне заңсыз ұсталған немесе төленбеген қайтарылған ақша* қаражатының мөлшері болып табылады, осы көрсеткіш есепті жылы - **1 595 673 057** теңгені құрады.

Құқықтық қызметтің экономикалық тиімділігі есепті жылы **4 548 862 488** теңге болды.

Облыстық кәсіподақ ұйымдарындағы қызметкерлерге ең көп қайтарылған қаражат: Қызылорда - **574 984 700** теңге (**36%**), Жамбыл - **415 000 894** теңге (**26%**), Ақтөбе - **101 280 588** теңге (**6,3%**), Павлодар - **89 512 716** теңге (**5,6%**), Алматы қаласындағы «Ұстаз» - **81 158 891** теңге (**5,1%**), Шығыс Қазақстан облысына - **77 220 229** теңге (**4,8%**), Батыс Қазақстан облысына - **59 984 700** теңге (**3,7%**). *(Жақшада қайтарылған қаражаттың жалпы сомасынан пайызбен қайтарылған қаражаттың үлесі көрсетілген).*

Орталық комитет пен мүшелік ұйымдардың кәсіподақ заңгерлері құқықтық мәселелер бойынша **88** әдістемелік ұсынымдар әзірледі.

Орталық комитетпен есепті жылдың 27-28 қарашасында Қазақстандық салалық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім беру қызметкерлері кәсіподағының құқықтық қызметі мамандарының семинар-кеңесі өткізілді.

Семинар-кеңеске еліміздің барлық өңірлерінен құқықтық қызметтердің қызметкерлері мен Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының техникалық инспекторлары қатысты. Сондай-ақ, әлеуметтік әріптестер - ҚР Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері, «ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты.

Қатысушылар белсенді түрде сұрақтар қойып, практикалық жағдайлар талқыланып, спикерлерден жан-жақты жауаптар алды, бұл семинар-кеңес барынша пайдалы әрі мазмұнды етті.

Семинар соңында Салалық кәсіподақтың «Үздік құқықтық еңбек инспекторы» және «Еңбекті қорғау бойынша үздік техникалық инспектор» атты екі республикалық байқауының қорытындысы шығарылды.

**Құқықтық қорғау, әлеуметтік әріптестік,
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті
қорғау жөніндегі жұмыс бөлімі**